

# Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 02 (496) 30 қаңтар 2021 жылы



## УНИВЕРСИТЕТИМІЗГЕ МАЖАРСТАН ЕЛШІСІ САПАРМЕН КЕЛДІ

Университетімізге Мажарстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі-Михай Галошфай, Бас Консул-Ференц Блауманн арнайы сапармен келді. Елші М.Галошфай университетімізбен танысып, өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатымен келгенін жеткізді.

Университет президенті Б.Абдрасилов оқу ордамыздың тарихы, құрылымы және соңғы жылдардағы жетістіктері туралы ақпарат берді. Сондай-ақ I вице-президент Женгиз Томар университетіміздің Мажарстан жастарына ұсынылатын арнайы гранттар мен мүмкіндіктер туралы айтты.

Елші М.Галошфайға университетіміз бен Мажарстанның оқу ордалары арасында білім, ғылыми зерттеу, жоғары білікті кадр даярлау, академиялық ұтқырлық, ортақ ғылыми шаралар бойынша әріптестік орнату бойынша ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар, археология, тарих, тіл үйрену және этнография бағыттары бойынша Европа Одағының арнайы бағдарламалары аясында бірлесе ғылыми зерттеулер жүргізу мәселесі қозғалды. Оған қоса, Мажарстанның Сегед университетімен жасалған өзара түсіністік пен ынтымақтастық тура-



лы меморандум ауқымын кеңейту туралы да айтылды. Мажарстан Елшісі М.Галошфай университет басшылығының ұсыныстарын қабылдап, Мажарстанның жоғарғы оқу орындарымен тығыз әріптестік орнату мәселесіне толық қолдау

көрсетінін жеткізді.

Жиын соңында келген қонақтарға университет атынан естелік сыйлықтар табысталды. Кездесу университетіміздің мұражайына экскурсиямен жалғасты.

### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

#### УНИВЕРСИТЕТИМІЗ QS EESA РЕЙТИНГІНДЕ ЕЛЕУЛІ СЕРПІЛІС ЖАСАДЫ!

Оқу ордамыз 2018 жылы қабылданған университеттің даму Стратегиясы аясында жоғары білікті маман даярлау мен ғылыми-зерттеулердің сапасын айтарлықтай жақсартып отырып, түркиялық және шетелдік университеттермен әріптестікті нығайтып келеді.

2 БЕТТЕ

#### КӨЗ АЛДЫМДА КӨРКЕЙГЕН УНИВЕРСИТЕТИМ!

Қазіргі таңда университетіміз халықаралық дәрежедегі ерекше статуска ие беделді оқу орындарының алдыңғы шебінен орын алды. Осының бәрі университет ұжымының зор еңбегінің арқасы деп ойлаймын. 30 жылдың ішінде 7 ректор сапалы қызмет атқарды. Олардың барлығы да өзіне тиісті қызметті абыроймен атқарды. Университеттің дамуына түркиялық бауырларымыздың да қосқан үлесі зор.

4 БЕТТЕ

#### МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МОДЕЛІ ЖАҢАРАДЫ

Маңызды міндеттердің бірі - мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу. Өйткені, егер азаматтардың құқықтары тиісті деңгейде қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізу мүмкін емес. Мұның шындық екенін мойындаймыз.

5 БЕТТЕ

## ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТ ТӨРАҒАСЫ МҰСТАФА ШЕНТОППЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Түркия Республикасының Парламент Төрағасы М. Шентоп Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы мен білімгерлерімен онлайн кездесу өткізді.

Профессор Мұстафа Шентоп 2020-2021 оқу жылының екінші семестрінің басталуымен құттықтай отырып, университеттің құрылу тарихы мен маңыздылығына тоқталды. Түркі әлемінің жастары үшін ортақ білім және ғылым шаңырағы болу миссиясын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, оқу ордамыздың Халықаралық және ерекше мәртебесі болуы, түркі әлеміндегі беделін жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

Сөзінің жалғасында Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» рухани мұрасының актуалдылығы мен құндылығына қатысты пікірлерімен де бөлісті. Сондай-ақ Түркі әлемінен келіп оқитын студенттерге қазақ тілін үйреніп алуы ұсынды.

Онлайн кездесуге Өкілетті Кеңес төрағасы профессор, док-



тор Мұхиттин Шимшек, ректор Болатбек Абдрасилов, ректор өкілі Женгиз Томар, вице-президенттер, факультет декандары және білімгерлер қатысты. Аталған

кездесу Youtube желісі арқылы тікелей эфирде көрсетілді. Онлайн форматтағы кездесу, университет студенттері дайындаған бейне-роликпен аяқталды.

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

## УНИВЕРСИТЕТІМІЗ QS ЕЕСА РЕЙТИНГІНДЕ ЕЛЕУЛІ СЕРПІЛІС ЖАСАДЫ!



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Quacquarelli Symonds (QS) Emerging Europe and Central Asia (EECA) University Rankings 2021 Халықаралық үздік университеттер рейтингінде әлемдегі 400 университет арасында 175 орынға ие болды. QS әлемдегі ең беделді рейтингтердің бірі болып табылады. Биылғы QS EECA рейтингінде Шығыс Еуропа (Польша, Венгрия, Чехия, Румыния т.б.), ТМД, Балкан және Балтық елдері мен Ресей, Украина және Түркиядан 400 университет қатысты.

Оқу ордамыз 2018 жылы қабылданған университеттің даму Стратегиясы аясында жоғары білікті маман даярлау мен ғылыми-зерттеулердің сапасын айтарлықтай жақсартып отырып, түркиялық және шетелдік университеттермен әріптестікті

нығайтып келеді. Сонымен қатар, университеттің материалдық – техникалық базасы мен оқу лабораториялары жетілдірілген. Бұл ХҚТУ-дың халықаралық беделді рейтингтегі позициясын елеулі дәрежеде жоғарлатуға негіз болды. Университет өткен жылмен (211-орын) салыстырғанда 36 позицияға көтеріліп, отандық университеттер арасында ең үлкен динамикалық өсу көрсеткішіне қол жеткізді.

Рейтингте университеттердің ғылыми жетістіктері, жоғары рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны, білім беру сапасы мен академиялық репутация, жұмыс берушілердің пікірі, шетелдік студенттер мен оқытушылар үлесі және т.б. көрсеткіштер есепке алынады. Бұл да болса жұмылған жұдырықтай бірлесе еткен ұжымдық еңбектің арқасы.

## АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ: ЖОО-ЛАР ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІН ДҰРЫС АТҚАРУЫ КЕРЕК

«Жоғары оқу орындары ғылым саласындағы міндеттерін дұрыс атқаруы керек». Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ведомствоның жалпы отырысында осылай деді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.



«Мемлекет басшысы ғылым саласын дамыту мәселесін ерекше назарда ұстап отырғанын жақсы білесіздер. Ғылымға қаржыландыру жағынан да, басқа мәселелер бойынша да үлкен көмек көрсетіп отыр. Сондықтан біз осы саланы дұрыс игеріп, жолға қойып, жұмысты ашықтық қағидасымен ұйымдастыруымыз керек. Жоғары оқу орындары да осы жұмысқа белсенді түрде араласуға тиіс. Ректорларға да жиналыс кезінде айттым: әр факультетте декандардың ғылым жөніндегі орынбасарлары бар. Кафедра да ғылым бойынша

есебін тапсырады. Ғылым жөніндегі проректорлар да бар. Бірақ осының бәрі болғаннан кейін нәтиже де болуы керек қой. Коммерциализация кеңселерін ашып қойдық. Бірақ соның мазмұны қайда? Осы мәселелерге ерекше назар аударып, жоғары оқу орындары осы жұмыстарды белсенді түрде орындауға тиіс», - деді Асхат Аймағамбетов Білім және ғылым министрлігінің жалпы отырысында. Министрдің айтуынша, ғылым саласын цифрландыру саласында да мәселелер жоқ емес. «Бюрократиялық кедергілерді жою керек. Басқару жүйесінде де әртүрлі бюрократиялық кедергі көп. Оны өздеріңіз білесіздер. Біз біразын жойып, алып тастадық. Бірақ десе де әлі бар. Бізге керегі: ғылыммен айналысатын әріптестерімізге тек өз жұмысымен айналысуға жағдай жасау керек. Әртүрлі қағазбастылық, есеп беру дегендердің өзі әрине, үлкен кедергі. Әлбетте, олардың бәрін биыл шешкеніміз жөн», - деді ол. Министр сонымен қатар ғылым комитетіне кадр даярлау, зертханаларды дамыту мәселелеріне баса назар аударуы керектігін жеткізді.

inform.kz

## 2021 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ЖЕКЕ ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМДАР БЕРЕТІН БОЛАДЫ. БҰЛ НЕ БЕРЕДІ ЖӘНЕ ЖАЛҒАН ДИПЛОМНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

2018 жылы жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейтетін заң қабылданды. Бұл заң жоғары оқу орындарына өздерінің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оқыту нәтижелерін тұжырымдауға, студенттердің жүктемесін анықтауға мүмкіндік берді. Жоғары оқу орындарының академиялық дербестігін кеңейту бойынша таңдалған жол-дұрыс жөнелген екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Бұрын-соңды жоғары оқу орны жаңа білім беру бағдарламасын ашу үшін Білім және ғылым министрлігіне жүгініп, көптеген сараптамалардан өтуі талап етілетін. Бұған орта есеппен 2 жыл уақыт жұмсалатын еді. Осы уақыт аралығында білім беру бағдарламасы өзектілігін жоғалтатын. Өйткені еңбек нарығы тез өзгеріп, жұмыс берушілер жаңа құзыреттері бар таланттарды іздейтіні белгілі.

Енді жоғары оқу орны бағдарламаны өзі әзірлеп, оны Білім және ғылым министрлігі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізеді. Бүгінде бұл реестрде оқу орындарының 9 мыңнан астам білім беру бағдарламасы бар.

**БІРІНШІДЕН.** Академиялық дербестікті кеңейтумен қатар ЖОО-лардың берілетін диплом үшін жауапкершілігін арттыру қажет. Егер университеттің өзі білім беру бағдарламасын әзірлесе, онда ол маман даярлау сапасына және осындай сапаны растайтын құжатқа жауап беруі керек. Мемлекеттік үлгідегі дипломдармен университеттерден осындай жауапкершілікті талап ету мүмкін емес, өйткені дипломдағы «BFM» сілтемесі маманды кім дайындағаны және оның білімі мен дағдыларының сапасына кім жауап беретіні туралы қате түсінік береді.

**ЕКІНШІДЕН.** Жоғары білім берудегі «шаблондық» тәсілдер әр университеттің артықшылығын көрсетуге мүмкіндік бермейді және бәсекелестік тудырмайды. Білім беру сапасының бәсекелестігі қарқын дамып келе жатыр. Студенттер сапалы білім беретін университеттерде оқығысы келеді. Ол үшін жоғары оқу орындары аккредиттеуден өтеді, білім беру бағдарламаларына жұмыс берушілердің сертификаттауын алады. Университеттер бірыңғай шаблоннан алшақтап, дипломдарда аккредиттеу мен сертификаттауға сілтемелер жасауы ең алдымен, дипломды жұмыс берушілер мойындауы үшін негізделген.

**ҮШІНШІДЕН.** Жеке үлгідегі дипломдар жұмыс берушілерге маман даярлау сапасын бағалауға мүмкіндік береді. МАК мүшелерінің қолы мен ұсақ шрифтпен мамандығы жазылған бағалы қағаз жұмысқа орналасуға кепіл бола алмайды. Үміткер жұмыс берушінің алдында диплом үлгісімен емес, білімімен, дағдыларымен дәлелдеу қажет.

**ТӨРТІНШІДЕН.** Жеке үлгідегі дипломдар BFM-нің минималды талаптарына сәйкес келуі тиіс. Дипломдарда жоғары оқу орны, білім беру бағдарламасының атауы, бітірушінің деректері, оқыту нысаны көрсетілуі тиіс. Берілген дипломға дербес жауапты болатын ректордың қолы болуға тиіс.


**БЕСІНШІДЕН.** Әр дипломда BFM жасаған бірегей сәйкестендіру нөмірі болады. Әрбір осындай нөмір ҰБДҚ -да сақталады және белгілі бір студентке байланады. Бұл кез-келген уақытта дипломның түпнұсқалығын тексеруге мүмкіндік береді. Диплом нөмірлерінің сәйкес келуі және олардың өзгеруіне жол берілмейді. Деректердің қауіпсіздігін блокчейн технологиясын қолдану және мәліметтерді шифрлау қамтамасыз етеді.

**АЛТЫНШЫДАН.** Жеке үлгідегі дипломдарды ҰБДҚ-ға байланыстыру түлектің ЖОО-да оқығанын, қандай білім беру бағдарламасында оқығанын, дипломдық жұмысты қашан қорғағанын және дипломды қашан алғанын тексеруге мүмкіндік береді. Бұл диплом бланкілері үшінші тұлғаларға қол жетімді болған жағдайда «диплом сатумен» күресу үшін қажет.

**ЖЕТІНШІДЕН.** «Білім туралы» заңына сәйкес әр дипломда қорғаныс белгілері болуы керек.

**СЕГІЗІНШІДЕН.** Жоғары оқу орнының осы оқу орнында оқымаған, білім беру бағдарламасын аяқтамаған адамға диплом беруі лицензиядан айыру және аккредиттеуді кері қайтарып алу үшін негіз болады.

**ТОҒЫЗЫНШЫДАН.** Жеке үлгідегі дипломдарды қолдан жасау ресми құжаттарды қолдан жасау болып саналады. Мұндай әрекет үшін Қылмыстық кодекстің 385-бабы бойынша жауапкершілік көзделген.



# Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ



### «Алдараспан» әзіл-сықақ театрының актері Шәкен Амантұров: «МЕН ӨМІРДЕ ҚАРАПАЙЫМ АДАММЫН»



– Сәлеметсізбе? Сұхбат беруге келіскеніңізге қуаныштымын. Шығармашылығыңызда қандай жаңалықтар бар? Немен айналысып жатырсыз?

– Қазіргі таңда Түркістан қаласындағы Райымбек Сейтметов атындағы сазды-драма театрының әртісімін және әдебиет бөлімі меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушы болып және де Республикалық «Алдараспан» әзіл-сықақ театрының актері болып екі театрда қызмет етіп жатырмын. Шығармашылығымда жаңалықтар көп. Жаңа премьераларға дайындық үстіндемін. Жақында біреуін өткіздік. Солайша театр онлайн түрде тоқтаусыз жұмыс жасап жатыр. Біршама киноларда, толық метражды фильмдер мен телехикаяларда образдарды сомдап жүрмін. Олар да пандемия бітсе жарыққа шығатын болады. Телеарналардан жақында көрермен назарына ұсынылатыны да бар. Жалпы кино мен театрды қатар алып жүрген актерлардың бірімін.

– Қай өңірдің тумасысыз?

– Түркістан қаласының тумасымын. Осында туып өскенмін. Алғашқы баллабақшаны, мектепті және жоғары оқу орнын да Түркістан қаласында тәмамдағанмын. Білімімді айтар болсам Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өнер факультеті, Актер шеберлігі кафедрасында «драма және кино актері» мамандығын оқып білім алғанмын.

– Актерлық өнеріңізді кейде өмірдегі түрлі жағдайларда пайдаланып, тығырықтан шыққан кездеріңіз болды ма?

– Актерлық өнерімді өмірде қолданбаймын. Бойымдағы талантымды тек қана сахнада, киноларда образ арқылы сомдап беремін. Актерлық өнерімнің арқасында тығырықтан шығып кетуге

Оқу ордамыздың түлегі, Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры мен «Алдараспан» әзіл-сықақ театрының актері Шәкен Амантұровпен сұхбат

мүмкіндік болды. Бірақ мен оны өмірде пайдаланған емеспін. Мен өмірде қарапайым адаммын. Өзімнің сол мінезімді, адамдық қасиетімді, болмыс-бітімді мақтан етемін. Актерлық өнерді өмірге салатын әртістерді мен өзім жақтырмаймын. Ондайларды нағыз актер емес деп есептеймін. Өмір мен өнерді шатастырып алмау керек. Өнер менің мамандығым, ол өз алдына бөлек.

– Өнер жолына ең алғаш қашан келдіңіз?

– Мен жалпы ес білгелі балабақшадан бастап түрлі үйірмелерге қатысып, концерттік бағдарламаларда жүргізуші болып, билеп, ән айтып, көріністерде рөл ойнап келе жатқан жайым бар. 6-сыныпта Түркістан қаласындағы Саз-өнер мектебіндегі домбыра класына барып 5 жыл білім алып, күйшілік өнерді қызыл дипломға бітіргенмін. Өнер жолым сол кезден басталды десем болады. Ал актерлық өнерім қазақ-түрік университетіне актер мамандығына түскеннен басталды. Мен 1-курста Түркістандағы Райымбек Сейтметов атындағы сазды-драма театрына қабылдандым және сол жерде әлі күнге дейін жұмыс жасап келемін. Нақтырақ айтсам, Райымбек Сейтметов театрында 2003 жылдан, ал «Алдараспан» театрында 2010 жылы ашылғаннан бері сонда қызмет етіп келе жатырмын. Биыл 10 жылдығымызды атап өттік.

– Болашақ армандарыңыз қандай?

– “Армансыз адам – ормансыз бұлбұл” демекші адамда арман көп қой. Арманым осы актерлық өнерімді ары қарай дамытып, әлі сомдамаған түрлі образдарды сомдап, елдің есінде қалатын тамаша дүниелерде, жақсы қойылымдарда ойнасам деймін. Өзімді әр алуан жанрда сынап көргім келеді. Жалпы бұл өмірбақи ізденісті талап ететін мамандық. Сондықтан болды, бітті, осымен күшті болып кеттім деу актердің өшкені деп білемін. Болашаққа армандарым театр мен киноны осылай қатар алып жүріп, сан алуан рөлдерді сомдап, халықтың қошеметін алатын жақсы актер болсам деймін. Мен атаққа, дәреже мен мансапқа құмар адам емеспін. Маған халықтың қошеметі, ризашылығы болса жеткілікті.

– Бала кезде, мектепте оқып жүрген кезіңізде қандай болдыңыз?

– Мен 1-5 сыныптарда Түркістан қаласындағы нөмірі 15-ші М.Жұмабаев мектебінде оқыдым. 5-сыныптан 11-сыныпқа дейін нөмірі 4-ші С.Сейфуллин мектеп-гимназиясында білім алдым. Жалпы сабақты жақсы оқыған, үлгілі оқушы болдым деп ауыз толтырып айта аламын. Сабақтан қашу, тәртіпті бұзу деген ойымда да

болған емес. Оған менің барлық сыныптастарым мен мектептегі ұстаздарым куә.

– Қазіргі таңда шәкірт тәрбиелеп жүрсіз бе?

– Қазір түрлі өнер академияларына, өнер колледждерге, жалпы өнерге қатысты мамандықтарға талапкерлерді дайындап жүрмін. Сондай ұл-қыздардың біразы оқуға түсіп кетті. Сонымен қатар жас бүлдіршіндерді, мектеп жасындағы балаларды үлкен сахнаға алып шығуға тәрбиелеудемін.

– Артыңыздан өсіп келе жатқан өрендерге, мектеп оқушыларына ағалық ақыл-кеңес берсеңіз.

– Ең біріншіден, мамандыққа келетін болсақ адам қай сала болмасын мамандықты сүйіп



таңдау керек. Сол кезде бір нәтижеге, жетістікке жетеді. Кітап оқыңыздар, ізденіңіздер. Өмір қазір тоқтап қалған жоқ, жылдам болып кетті. Барлығы жетілген техниканың, компьютердің, интернеттің заманы. Сондықтан да өмір ағымынан қалмай, дұрыс бағытта, оптимист, өмірге деген құлшынысы жоғары, білімді, парасатты болып алға қарай ұмтылыңыздар дегім келеді.

– Өсерлі сұхбатыңызға көп рахмет. Шығармашылығыңызға толағай табыстар тілеймін. Аман, сау болыңыз!

Сұхбаттасқан:  
Гүлжан НИЯЗОВА  
1-курс студенті

УНИВЕРСИТЕТІМІЗГЕ - 30 ЖЫЛ!

## Көз алдымда көркейген университетім!



1991 жылдың жазында «Түркістанда университет ашылады екен» деген хабар лезде тарап кетті. Алғашында бұл жай сөз шығар деп мән бермедік. Ол кезде мен Түркістан индустриалдық педагогикалық техникумында оқытушысы едім. (Қазіргі Қазыбек би көшесіндегі филология факультеті орналасқан ғимарат) Кезекті жазғы демалысқа шыққалы жүргенбіз.

Бір күні біздің ғимаратқа М.Жұрынов бастаған бір топ ғалымдар келіп, жиналыс жасады. Олар Ә.Сәмбетұлы, Б.Байтанаев, Б.Жаңабаев, ғалымдар А.Баешов, С.Мадуанов, Ж.Истаев болатын. Келген мақсаттарын, мамандығы сәйкес келетіндерді жұмысқа қабылдайтындықтарын айтты. Бәріміз де қуанып қалдық. Техникумдағы ұстаздардың көпшілігі техникалық бағыттағы мамандар еді. Менің мамандығым гуманитарлық бағытта болатын. (1981 жылы Ресейдегі Краснодар мемлекеттік университетінің «Орыс филологиясы» бойынша бітіргенмін). Менде университетке қаламын деген ой болған жоқ. Бірер күннен соң, Болат Байтанаев кездесіп, мамандығымның сәйкес келуіне байланысты, өтініш жаздырып, ректордың кабинетіне алып кірді. Ректор өтінішіме қол қойып берді. Екеуі бірдей:

- Бүгіннен бастап, оқытушы болып қабылдандыңыз, құтты болсын! – десті. Ол 1991 жылдың 6-шілдесі болатын.

Осылай ойламаған жерден, университетке қабылданып, жұмысты құжат қабылдаудан бастадық. Жанат Жанпейісова, Мағрипа Жолсейітова, Темірғали Есембеков, Мейірбек Ержановтармен бірге қабылдау комиссиясында жұмыс істедік. Жұмыс ауқымды. Талапкер көп болды алғашқы жылы. Алғашқы университетке 300 студент қабылдана, 2500-дей студент сол 300 орынға таласты. Бір талапкердің соңында бірнеше адам. Ата-аналар ығы-жығы. Тіпті кішкене жабайылау (өрескел) оқиғалар да орын алды.

Ол кезде компьютер деген жоқ. Бәрі қолмен жазылады. Уақыт ұстайды, қол байлау көп. Ата-аналар бірде тарпа бас салып, есікті бұза жаздады. Есік көзінде кезекшілікте тұрған спорт мамандығының еңселі екі жігіті де жойқын нөпірге төтеп бере алмады. Болмағасын бәріміз жабылып жүріп, әрең тәртіпке келтіргеніміз әлі есімде.

Филология факультетінің деканы Сейтқали Мадуанов, кафедра меңгерушісі Мекемтас Мырзахметов еді. Университетте алғашқы жылда-

ры көп қиындықтар болды. Екі ұдай пікірлер болды. Айдалаға университет ашу мүмкін еместігін Мекемтас Мырзахметов бастаған ғалымдар дәлелдеп шықты. Ия, сол ғалымдардың айтқаны келді. Қазіргі таңда университетіміз халықаралық дәрежедегі ерекше статусқа ие беделді оқу орындарының алдыңғы шебінен орын алды. Осының бәрі университет ұжымының зор еңбегінің арқасы деп ойлаймын. 30 жылдың ішінде 7 ректор сапалы қызмет атқарды. Олардың барлығы да өзіне тиісті қызметті абыроймен атқарды. Университеттің дамуына түркиялық бауырларымыздың да қосқан үлесі зор. Қиын-қыстау кезеңде қол ұшын беріп, университеттің аяқтан тік тұруы жолында еткен еңбектері елеулі.

Алғашқы кезде уақытпен санаспай жұмыс істедік. Түнгі сағат 10-11-ге дейін жүре береміз. Жұмысқа берілгендіміз соншалықты, уақыттың кеш болғанын білмей қаламыз. Кешкісін көлікпен үйді-үйімізге таратып отырады. Ең алғашқы жылдары орыс тілі сервистік пән ретінде бүкіл мамандыққа жүретін, оқу орны қазақ-түрік

Бірақ әлгі балалардың алғырлығы соншалық, сол дайындықтарымен Санкт-Петербург университетіне, бірі Алматыға, тағы бірі Бішкек университетіне оқуға түсіп кетті.

Түркиядан келген талай түрік өрендеріне орыс тілін үйреттік. Алғашқы кезде оқулық тапшылығы айқын сезілді. Кітап жетіспейтін. Бірақ студенттер өте білімге құштар, ынта-жігері зор болып келетін. Парта орындықтардың өзі жұпыны болатын. Кәдімгі қарапайым тақта да жетіспейтін. Бір сөйлемді толық жазуға мүмкіндік жоқ, тілдей тақтамыз болушы еді. Соны комендантқа айтып шағымдансам, ол жанына тағы да сондай (30 см-дей) қосып екі тақтайдан біріктіріп бір тақта жасаған ғой. Оның қиыны, әлгі жалғанған жерден сөйлемді шорт кесіп келесі жолдан жалғастырамыз, амал жоқ Сөйтсек, оны түрік оқушыларымыз түсінбей, «неге орыстың сөйлемдері шиір гибы» өлең секілді демесі бар ма? Күлерімді не жыларымыз білмеймін.

1995 оқу жылында, ректор М.Жұрыновтың тұсында, проректор Г.Чандарлыоғлу түрік тобына «Қазақ тілінен» дәріс беретін Оспанова Балтагүл апай екеуімізді, жазғы еңбек демалысымыздан шақыртып алып, шетелдік студенттерге арнап, «Қазақ тілі» мен «Орыс тілі» оқулығын жазуға ұсыныс жасады. Бір ай уақыт беретінін, тіпті өзі

баспаханасынан тегін шығардық. Осы оқулықтармен «Тіл үйрету» орталығының, кейіннен «Дайындық бөлімі» тыңдаушылары жылдар бойы оқып, білім алды.

Кейін кафедраға ауысып, мамандық бойынша дәріс бердім. 2006 жылы «Теория и методика обучения и воспитания (русский язык в системе начального, среднего и высшего образования)» мамандығы бойынша «Коммуникативная технология обогащения словаря иностранных студентов на начальном этапе обучения русскому языку» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым. 2010 жылы ЖАҚ доценті атандым.

Осы аралықта қаншама шәкірттерді ұядан ұшырдық, бойымыздағы бар білімімізді бердік. Қатардағы қарапайым оқытушыдан ғылым кандидаты, доцент деңгейіне көтерілдім, қаншама оқулықтардың, ғылыми мақалалардың, монографияның авторымын. Ұлағатты ұстаз» тәсбелгісінің иегерімін.

Бүгінде университетіміз көркейген, біздер есейдік, зейнеткерлікке де жеттік. Бірақ өзімді 33 жасымда келген университетімізсіз елестете алмаймын.

Осы 30 жылда «жаным рахаттанып жүріп, еңбекеттім» деп ойлаймын. Оқу ордамыздың осындай дәрежеге жетуіне кішкентай болса да үлесімді қосқанымды мақтанышпен айта ала-



университеті болып, өзгергенде, сағаттар қысқарып кетті.

Одан кейін біздерді «Тіл үйрету» орталығына, шетелдік студенттерге орыс, қазақ тілін оқытатын ұстаздарды бір жерге топтастырды. Сөйтіп шетелдік студенттерге орыс тілінен дәріс бердім.

1994 жылы «Тіл үйрету» орталығына Қытайдан келген 4 өреннің өлермендігіне таң қалдым. Өмірінде бір орысты көрмеген, орыстың алфавитімен таныс емес.

отыратын кабинетке машинка бастаған екі қыз, тіпті кей кездерде сол кабинетті пайдалуға рұқсат беретінін, егер үлгерсек, оқулықтардың Түркиядан шығарылатынын айтты. Біз қуана келістік. Шілденің шіліңгір ыстығында, жұрт демалып жатқанда, үй мен ректораттың арасында күнге қақталып, барып-келіп жүріп оқулығымызды жаздық. Бірақ әрине, оқулық жазу оңай емес, Түркиядан шығаруға үлгері алмадық, бірақ Сенат бекітіп, осы университеттің

мын. Жаңа ашылған университеттің көз алдында көркеюін көруден асқан бақыт жоқ шығар, сіре!

Еліміз бен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі мерейтойы құтты болсын!

**Сәлима ЧАКАНОВА,**  
«Әлем тілдері» кафедрасының  
доценті, п.ғ.к.



## МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МОДЕЛІ ЖАҢАРАДЫ

Жуырда VII шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйлеген ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бүкіл адамзат үшін 21-ші ғасырдың 21-ші жылы өзгеріс уақыты болатынын атап өтті. Енді алдағы онжылдықтың болашағы айқындалады. Кешенді реформалар Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына дейін жүзеге асырылмақ.

Жаңартылған Парламенттің алдында екі маңызды міндет тұр. Оның біріншісі сапалы заңдар қабылдау болса, екіншісі – өткір мәселелер жедел шешілетін орталыққа айналу. Мемлекет басшысы біздің елдің заңнамалық жүйесін жан-жақты жетілдіру қажет екенін баса айтты. Заңның үстемдігін дамытуға, азаматтардың билікке деген сенімін арттыру үшін барлық күш-жігерді жұмсау

қажет. Маңызды міндеттердің бірі – мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу. Өйткені, егер азаматтардың құқықтары тиісті деңгейде қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізу мүмкін емес. Мұның шындық екенін мойындаймыз.

Жаңартылған Парламент ел Президенті белгілеген міндеттерді жүзеге асыру бойынша бөлсенді жұмыс істейтініне және халық өкілдері әрбір қазақстандықтың өмірін жақсартуға лайықты үлес қосатынына сенімдімін.

**Әміреқұл ӘБУОВ,**  
**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің проректоры,**  
**философия ғылымдарының докторы.**

Ясауитану ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрлан БЕРДЕНҰЛЫ:

## «БІЗДІҢ ДЕ МАҚСАТЫМЫЗ ОСЫНДАЙ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРДЫҢ МӘН-МАЗМҰНЫН АШУ»

Жуырда оқу ордамыздың Ясауитану ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрлан Берденұлы Мансуровпен арнайы сұхбаттасқан едік. Өткен жылдың Абай, Фараби жылы болып ресми атап өтілуі қарсаңында жыл бойы ұлы тұлғалардың еңбектерін насихаттау ісі жүзеге асырылды. Көптеген іс-шаралармен қатар тұлғалардың бұрын зерттелмеген тың тақырыптағы дүниелерін қайта саралауда ғалымдар сүбелі еңбектер ұсынды. Солардың қатарында оқу ордамыздың ғалымдары Н. Мансуров пен Б.Темірхановтың «Ғақлиат тасдиқат» отыз сегізінші сөз» атты кітабының жарыққа шығуы – біз үшін үлкен жетістік, Абай жылын осындай терең зерттеу еңбекпен қорытындылау іспетті. Ендеше, осы ғылыми зерттеудің мән-мағынасын ашу үшін кітап авторына сұрақтар қойған едік:



### – Зерттеу нысаны ретінде неге отыз сегізінші сөзі таңдалды?

Қазақтың біртуар дара ойшылы, кемеңгер ақын Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздеріне үңілген кезде қашанда олардың түпкілікті мән-мағынасы бізді жаңа белестерге бағыттап тұратындай көрінеді. Сол себепті ақынның өлеңдері мен қара сөздерін саралап-талдағанда олар әрқашан жаңаша көзқарастарды қалыптастырады. Міне осы ретте біз Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзіне таңдау жасадық. Өйткені қырық бес қара сөздің ішінде ауқымы жағынан әрі тақырыптық жағынан да ерекшеленіп тұрған осы – отыз сегізінші сөз.

Бүгінге дейін «Китаб тасдиқ» атауымен жарияланып келген бұл туындыны кезінде М.Өуезов барша қара сөзді «Ғақлия» деп, ал күллі адамзатқа ортақ проблемаларға бағытталған отыз сегізінші сөзді «Ғақлиат тасдиқат» деп дара атаған болатын. Сондықтан таңдаудағы басымдық шығарманың төл атауын қайта жаңғырту болатын. Келесі басымдық ақынның осы сөздегі бірнеше басты ұстанымдары негізінде адамдықтың ізгілік жолын ұсынғандығын ашып көрсету мақсат етілді. Себебі отыз сегізінші сөз абайтанушы ғалымдар айтқандай бір ғана ұлтқа телініп қоятын шығарма емес, ол барша мұсылман әлеміне, қала берді бүкіл адам баласына арналған шығарма екендігін айтып жеткізу.

### – Отыз сегізінші сөздегі өзекті мәселелер қандай?

Отыз сегізінші сөздегі нақты өзекті мәселенің бірі – толық адам. Абай Құнанбайұлы сол толық

адам дәрежесіне жету үшін адам баласына бірнеше баламалы жолдарды ұсынады. Оған Абай Құнанбайұлының келтірген ғақли және нақли дәлелдерін айтуға болады. Бұл екі әдіс Алла тағаланы тану жолы. Яғни кісі жаратушыны ғақли дәлелдер арқылы да тани алады. Оған ақын Құран Кәрімдегі «әй ақыл иелері, ойланбайсыңдар ма?, назар қоймайсыңдар ма?» деген секілді аяттарды түсіндіріп, мына әлемнің және ондағы барлық жан-жануарлардың адам баласы үшін берілген нығмет екені әрі адамзаттың ешқашан таусылып түгемейтін ызық несібесін адам баласына қосымша жүк ретінде қарастырмай, өздігінен көбейетін етіп жаратқанында Алла тағаланың құлдарына деген махаббаты тұрғанын жеткізеді. Ал нақли дәлелдер арқылы Құран Кәрім мен пайғамбар (с.а.у.) хадистерінде баян етілген бұйрықтарды

және Алла тағаланың ұлық есім-сипаттарын оның ішінде зати-субути сипаттарын шын ұғу арқылы жаратушының ыстық ықыласына бөлену керектігін келтіреді.

### – Абайдың діни танымы қандай дәрежеде?

Абай Құнанбайұлы еңбектерде ақын, ағартушы, философ, т.б. ретінде суреттеледі. Ал оның діни танымын көп ретте тани алмай келеміз. Міне бұл мәселе де тереңнен талдауды қажет етеді. Өйткені бүгінгі таңда ақынның дін саласында тартқан қаламы әлі де зерделенбей келеді. Қараңыз, зерттеу нысаны ретінде қарастырылған отыз сегізінші қара сөзді қарапайым кісі бір сыпыра оқып шықса, мәтіннің тең жартысын ұға алмауы бек мүмкін. Мұның себебі неде?! Себебі, Абай Құнанбайұлы отыз сегізінші сөзді жазуда діни терминдерді, араб, парсы сөздерімен көркемдеп, ал аят, хадистерді дәйек-дәлел ретінде көп пайдаланған. Соның салдарынан оның мазмұнын көпшілік түсінбей қалады.

Сөз жоқ, Абай Құнанбайұлының діни танымын сөз еткенде оның діни сенімі, араб, парсы тілдерін игергендігі айтылады. Алайда олардың әрқайсысы жеке мағыналық жағынан діни тұрғыда қарастырылмайды. Бұл күрделі мәселенің бірі. Сондықтан бұл терең зерттеуді талап етеді. Айталық, отыз сегізінші сөзде мынадай тұжырым бар: «Саниғын сұнғатына қарап білесіз». Араб тілінде саниғ – Жаратушы деген мәнді берсе, сұнғат – жаратылған деген мағынаны білдіреді. Сонда «Жаратушыны жаратылғанға қарап білесіз» деген мағына шығады. Бұл өз кезегінде Абай Құнанбайұлының діни танымы қаншалықты дәрежеде екендігін аңғартады.

Ақын мұнда араб тілінің сөздерін еш іркілмей қазақ тілінде еркін қолдану әдісін меңгергені көрінеді. Одан өзге ойларды ұсынуда қасиетті Құран Кәрім аяттары мен Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) хадистерімен негіздеп баяндаған. Олай болса, ақын аят пен хадистерді де белгілі дәрежеде білген.

Тағы бірде Алла тағаланың адам баласына салған жолы қайсы дей келе, бұған жауапты Құран Кәрімнің мына аятымен түйіндейді «Өтәмурун ән-

нәса билбирри уә әхсәну инна Алаһу йухиббул-мұхсинин» (мағынасы: Адамдарға көркемдік пен жақсылық жасауды бұйырмасы ма? Расында, Алла жақсылық жасаушыларды ұнатады).

Бұл жайлы жеке тақырып ретінде көп айтуға болады. Өйтсе де, Абай Құнанбайұлының діни танымын тануда мұны бір мысал ғана деп қарау керек.

### – Ғылыми-зерттеу еңбегінің маңыздылығы неде?

Еңбегіміздің маңыздылығы көп қырлы деп айтуға болады. Біз ақынның отыз сегізінші сөзін зерделей келе, қара сөздегі әр абзацқа жеке-жеке тілдік және діни танымдық тұрғыда талдау жасадық. Әр сөздің және сөз тіркесінің өзіндік түпкі мәнін ашуға тырыстық. Оның ішінде діни сенімге қатысты терминдерді қарапайым түсінікті тілде, дәйектемелер арқылы жеткізуді қарастырдық.

Ақын ұсынған иманның түрлерін нақлий және ғақлий дәлелдердің мәнін ашуға тырыстық. Алла тағаланы тануда маңызды саналатын зати және субути сипаттарды түсіндіруді негізге алдық. Адам баласының адамдығын сипаттайтын ақыл, ғылым екендігін, оның табылмақтығына жан мен тәннің қажеттігін, оның саулығын тілге тиек еткен ақынның ойларын барынша саралап жеткізуді мақсат еттік.

Әрине, кемшін тұстары да бар шығар, оған таласымыз жоқ. Десе де, оқырманға ұсынған тұжырымдардан тамшыдай бір пайда аларлық үлес қосқан болсақ, онда біздің де мақсатымыздың орындалғаны деп білеміз.

### – Бүгінгі Абайды танудағы жаңаша көзқарас қандай болуы керек?

Абай Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздерінде көбіне о дүниемен байланыстыра сипаттайды. Оны да шарифі тұжырымдармен байлам жасап, ой түйеді. Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай «келдім қайдан, барам қайда, не етсем пайдам?» деген мәселелер төңірегінде ой өрбітеді. Мақсат – қайтсе адам баласы дүние тіршілігінде өмір сүру мақсатын айқындайды, оған жетуде нендей білім керек, неге құмар болу керектігін жүйелі түсіндіреді.

Расында, бүгінгі таңда адамдардың көпшілігі өмірді өз ойына қарай жүйелеуді немесе басқаға еліктеу арқылы өмірін жалғастыруды мақсат тұтады. Міне Абай Құнанбайұлының қара сөздерінде мұндай адам болмысының қалыптасуына жетелейтін құнды тұжырымдар рет-ретімен тізбектеліп тұр.

Біздің де мақсатымыз осындай ой-тұжырымдардың мән-мазмұнын ашу. Өйткені ақынның отыз сегізінші қара сөзі адам баласының болмысын қалыптастыруда әрі рухани жетілуде, өмір сүру қағидаттарын көркем түрде үлгі етіп көрсеткен «темірқазық» деп қабылдануы қажет деп санадық.

**Сұхбаттасқан:**  
**«Рухани жаңғыру» ғылыми-тәжірибелік орталығының басшысы Әдемау ТОЛЫСБАЕВА**

## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



## Macaristan Büyükelçisi üniversitemizi ziyaret etti

Macaristan Olağanüstü ve Tam Yetkili Büyükelçisi Mihai Galošfai ve Başkonsolos Ferenc Blaumann üniversitemize özel bir ziyaretle gelmişlerdir. Misafirler üniversitemizi tanımak ve karşılıklı işbirliğini güçlendirmek için gelmişlerdir.

Üniversite Rektörü B. Abdrasilov, üniversitemizin son yıllardaki tarihi, yapısı ve başarılarından bahsetti. Rektör Vekili Cengiz Tomar, Macar gençlerine Üniversite tarafından sunduğu özel imkan ve fırsatlardan da bahsetti.

Büyükelçi M. Galoshfai'ye, üniversitemiz ile Macar üniversiteleri arasında eğitim, araştırma, yüksek nitelikli personel yetiştirme, akademik hareketlilik ve ortak araştırma faaliyetleri alanında ortaklıklar kurulması için öneriler sunuldu. Ayrıca, Avrupa Birliği'nin özel programları çerçevesinde arkeoloji, tarih, diller ve etnografya alanlarında ortak araştırma yapılması sorusu gündeme geldi. Toplantıda ayrıca Macaristan Szeged Üniversitesi ile Mutabakat ve İşbirliği

Muhtırası'nın genişletilmesi tartışıldı. Macaristan Büyükelçisi M. Galoshfai, üniversite liderliğinin önerilerini kabul etti ve ülkelerimizin üniversiteleri arasındaki işbirliğinin genişletilmesini desteklemeye hazır olduğunu ifade etti.

Toplantı sonunda üniversite adına konuklara hediyelik eşya takdim edildi. Toplantı, üniversitemiz müze gezisi ile devam etti.



## TÜM DEVLET ÜNİVERSİTELERİNE

Koronavirüs (Covid-19) salgınına karşı alınacak tedbirler ile ilgili olarak 2020-2021 eğitim öğretim yılında Mevlana Değişim Programı kapsamında gerçekleştirilmesi planlanan hareketliliklerin iptal edilmesi Yükseköğretim Yürütme Kurulunun 18.03.2020 tarihli toplantısında uygun bulunmuştu.

Mevcut riskler gözönüne alınarak, Mevlana Değişim Programı, Proje Tabanlı Uluslararası Değişim Programı ve Türkiye-Pakistan Çağrılı Uluslararası Değişim Programı kapsamında 2021-2022

eğitim öğretim yılında da değişim yapılmaması Yükseköğretim Yürütme Kurulunun 20.01.2021 tarihli

toplantısında uygun bulunmuştur.

Bilgilerinizi ve gereğini rica ederim.

MEVLANA  
EXCHANGE  
PROGRAM



## TÜRKİYE CUMHURİYETİ PARLAMENTOSU BAŞKANI MUSTAFA ŞENTOP İLE ONLINE GÖRÜŞME

TBMM Başkanı Prof. Dr. Mustafa Şentop, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi 2020-2021 Eğitim-Öğretim Yılı 2. Dönemi açılış törenine çevrim içi katılarak, konuşma yaptı



Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin, Türkiye ve Kazakistan cumhuriyetlerinin ortak üniversitesi olduğunu anımsatan Prof. Dr. Mustafa Şentop, bu üniversitenin misyonunun, Türk Dili konuşan devlet ve topluluklara mensup öğrencileri bir çatı altında eğitmek, hür ve bilimsel düşünce gücüne, çağdaş bilgi ve beceriye, toplumsal sorumluluk duygusuna sahip, insan haklarına saygılı, hoşgörülü, milli ve ahlaki değerlere bağlı, sorgulayan, araştıran, girişimci, tarih ve kimlik şuuruna sahip bireyler yetiştirmek; araştırma ve geliştirme faaliyetleri ile bilim ve toplum hayatına katkıda bulunmak olduğunu kaydetti.

TBMM Başkanı Mustafa Şentop, başta Türkiye ve Kazakistan halkları, geniş anlamda ise Türk dünyasını temsil eden çeşitli halklar arasındaki beşeri temasların artmasını, halkların birbirlerini daha iyi tanımasını, bu sayede aslında ne kadar yakın ve ne kadar benzer olduklarını keşfetmelerini sağlamanın, üniversitenin en temel amaçlarından olduğunu anlattı.


Üniversitenin adını taşıdığı Ahmet Yesevi Hazretleri'nin, yaşadığı dönemin din ve kültür dili olan Arapça ve Farsça yerine, bilinen en büyük eseri olan ve bugün halen önemini koruyan Divan-ı Hikmet'te yer alan tüm hikmetlerini ilim, aşk ve irfan dili haline getirdiği anadili Türkçe ile söylediğine işaret etti. Ademisyenlerin, öğrencilere yalnızca derslerini anlatmakla değil, onları her daim koruyup kollayıp gözetmekle de yükümlü olduğuna dikkati çeken Prof. Dr. Mustafa Şentop, öğrencilerin her birinin farklı şartlardan, ailelerden, kültür ve coğrafyalardan geldiklerini anımsattı.

TBMM Başkanı Mustafa Şentop, katılımcılara eğitim hayatlarında başarılar diledi.

Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, programa katıldığı için TBMM Başkanı Mustafa Şentop'a teşekkür etti.

Törene Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Üniversite Rektörü Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Rektör Vekili Cengiz Tomar, öğretim elemanları ve öğrenciler katılmıştır.

Törenin sonunda Üniversite öğrencileri, hazırladıkları bir video ile Türkiye Cumhurbaşkanı Recep Tayyip Erdoğan ve TBMM Başkanı Mustafa Şentop başta olmak üzere tüm Türkiye'ye, kendilerine ve ülkelerine desteklerinden dolayı teşekkürlerini ileterek, Türk halkına selamlarını gönderdi.



## UNESCO, “Іpek Yolu” Araştırma Grantı Açıklamıştır

UNESCO, 35 yaşın altındaki gençleri 2021 İpek Yolu Genç Araştırmacılar Grantı'na başvurmaya davet ediyor. Proje, 10.000 \$ değerinde 12 araştırma grantını sağlayacaktır. Grantlar, İpek Yolu'nun ortak mirası üzerine araştırmaları teşvik etmeyi amaçlamaktadır.

Bu grant, UNESCO'nun yeni girişimidir. UNESCO Çin Halk Cumhuriyeti Ulusal Komisyonu'nun yanı sıra UNESCO sosyal ve beşeri bilimler programının bir parçası olan İpek Yolu ve MOST programının desteğiyle uygulanmaktadır.

Araştırma aşağıdaki soruları dikkate almalıdır:

- İpek Yolu'nun ortak mirası ve özellikleri,
- İç çeşitliliği,
- İpek Yolu'nun modern toplumdaki potansiyeli, yaratıcı alanlar, kültürlerarası diyalog, sosyal uyum, bölgesel ve uluslararası işbirliği
- Sürdürülebilir barış ve kalkınma

Gran kazanmak için kimler başvurabilir?  
35 yaşın altındaki araştırmacılar grant başvurusunda bulunabilir. Önerilen araştırma, hem bireysel olarak hem de bir grup araştırmasının veya ortak projenin bir parçası olarak yürütülebilir.

Araştırma hangi yönlerde yapılıyor?

Uygulamalar, belirli bir bölge veya kronoloji ile sınırlı olmayan disiplinler arası ve çok boyutlu teklifler dahil olmak üzere geniş bir çalışma yelpazesine sahiptir. Önerilen çalışma İpek Yolu'nun paylaşılan mirasıyla ilgili bir veya daha fazla konuyu kapsayabilir. Ayrıca:

- Bilim ve Teknoloji
- Geleneksel teknik bilgi ve zanaat
- Din ve maneviyat
- Dil ve edebiyat
- Sanat ve müzik
- Geleneksel oyunlar ve spor

Başvuru prosedürü

Başvuranlar, sunulan formu doldurmalı ve araştırma alanlarını, yöntemlerini ve beklenen sonuçları belirtmelidir.

Başvurular, [silkroadsgrant@unesco.org](mailto:silkroadsgrant@unesco.org) adresine İngilizce olarak gönderilmelidir.

Son başvuru tarihi

Son başvuru tarihi 18 Nisan 2021'dir. Başvurular, tanınmış uluslararası bilim adamlarından oluşan bir araştırma ekibi tarafından değerlendirilecektir. Kazananların listesi 2021 Haziran ayı sonunda açıklanacak. Daha fazla bilgi için Ticarileştirme Ofisi ile iletişime geçin.

Tel .: 872533 63636, 1919

Eposta: [okt@ayu.edu.kz](mailto:okt@ayu.edu.kz)



## İNOVASYON GRANT YARIŞMASI

Başvuracakların dikkatine:

Mühendislik ve Teknoloji Transfer Merkezi JSC, İnovasyon Grant Operatörü olarak atanmış olup teknolojinin ticarileştirilmesi için inovasyon grantlarını sağlamaktadır.

Grantı kim alabilir?  
Startup:

- küçük bir işletme olması (özel veya tüzel kişi);
- MVP (prototip ile);
- En az 3 kalifiye uzmandan oluşan bir ekip.

Grant tutarı:

Aşama 1: 10 milyon tenge'ye kadar (ortak finansman en az% 10), ödenmesi için maksimum süre 3 aydır

Aşama 2 ve 3: 140 milyon tenge kadar (ortak finansman en az% 10), ödenmesi için maksimum süre 12 ay (aşama 2) ve 9 aydır (aşama 3).

Başvuru sahibi, proje uygulama tutarının en az% 10'unu ortak olarak finanse etmelidir.

\* Projeye önceden yapılan yatırımlar sayılmaz.  
PARAMETRELER  
İlk aşamada

• bilimsel ve (veya) bilimsel ve teknik faaliyetlerin, prototipin veya ilk ürün tasarımının (MVP) sonuçları

• en az 3 kalifiye uzmandan oluşan bir ekip

• küçük bir işletme olması  
İkinci aşamada

• ürünün hazır prototipi

• Bir proje yöneticisi, ticari deneyime sahip (en az üç yıl) ve pazarlama araştırması yapabilen bir ticarileştirme uzmanı, bir sayman, proje uzmanı dahil 7 (yedi) kişiden fazla olmayan bir ekip

• ürün-pazar uyumu (pazar biliniyor, satış var, tüketiciler üründen değer alıyor)

Üçüncü aşamada

• kar veya zararın hesaplanması

• ürün geliştirme ve müşteri açıklaması için pazarlama planı

• satışın ana aşamaları

Hangi masraflar ödenir

Aşama 1:

• Vergiler dahil proje ekibinin maaşı (grant miktarının en fazla% 75'i)

• dış kaynak kullanımı (en fazla% 20)

• ofis ve (veya) endüstriyel tesislerin kiralınması

Aşama 2 ve Aşama 3:

• Vergiler dahil proje ekibinin maaşı (grant miktarının en fazla% 75'i)

• Nakliye, vergi yükümlülükleri ve gümrük vergileri (% 30'dan fazla olmamak üzere) dahil olmak üzere ticarileştirmeyi devam ettirmek için ve ürün veya hizmetler oluşturmak için gerekli lisansların, ekipmanın alınması

• Ürünlerin veya hizmetlerin ticarileştirmesini devam ettirmek için malzeme ve bileşenlerin satın alınması (% 15'ten fazla olmamak üzere)

• dış kaynak kullanımı (en fazla% 10)

• devlet vergisinin ödenmesi

• ofis ve (veya) endüstriyel tesislerin



kiralınması

• harcırah masrafları (en fazla% 10)

• Pazarlama giderleri

• proje tanıtım maliyetleri

Başvuru süreci ne zaman başlıyor?

• 1. çağrı: 1-12 Şubat 2021

• 2. çağrı: 31 Mayıs – 11 Haziran 2021

Hangi belgeler gerekli

İlk aşamada sadece 1 belge: Ön başvuru

Başvuru nereye gönderilir

<https://qazinn.kz/homepage-01/innovationgrants/> veya <https://techhub.kz//CETT01>

Uygulama sonrası adımlar

Komisyon, ön başvuruları 10 iş günü içinde değerlendirecek.

Sonuç olarak, başvuru sahibinin e-posta adresine tam bir başvurunun hazırlanması veya gerekçeli bir ret hakkında bir bildirim gönderilecektir.

Tam bir başvurunun gönderildiğine dair bir bildirim alırsanız ne yapmalısınız?

Tam başvurunuzu 10 iş günü içinde <https://qazinn.kz/homepage-01/innovationgrants/> veya <https://techhub.kz//CETT01> adresine gönderin.

Tam bir başvuruya neler dahildir?

• Dilekçe \*

• Ticarileştirme stratejisi \*

• Zaman çizelgeli taslak plan \*

• Giderler taslağı \*

• Yazılım geliştirme için teknik özellikler

• ödenmemiş vergi borcu bulunmaması hakkında bilgi

• Tüzüğün bir kopyası, yetkiler hakkında kararlar (tüzel kişiler için)

• ön sözleşmelerin kopyaları (teslimat, nakliye için)

• Ekip niteliklerini doğrulayan belgelerin kopyaları.

• Satın alınan hizmetler ve (veya) işler için ticari teklifler

Ticarileştirme Ofisi

872533 63636, iç 1919

## СТУДЕНТ ПІКІР АЙТАДЫ

## ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫНА АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ!

Құрметті Болатбек Серікбайұлы!

Өзіңізге арнап хат жазып отырған мен Аян Мұхтарұлы Атабек деген өзіңіздің мыңдаған шәкірттеріңіздің бірімін. «Шәкіртіңізбін» деуімнің себебі, мен де қасиетті Түркістан төрінде орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, журналистика мамандығының 1-курс студентімін. Менің университет басшылығына да ұстаздарыма да айтар ешқандай шағымым жоқ. Жағдайым жақсы. Әлемді жайлаған індетке байланысты болған барлық талаптарды сақтай отырып, университет пен факультет басшылығының қойған талаптары бойынша өз міндетімізге сай қашықтан сабақ оқудамыз. Әрине, білімге ұмтылған біздерді бұл қанағаттандырмайды. Бірақ, ортақ талапқа көнуге тиіспіз. Алайда, жастық шақтың гүл жайнаған өмірінде материалдық оқу базасы мейлінше қалыптасқан, ері талайларға арман болған айтулы университет ғимаратында дәріс алғанға не жетсін?! Оның үстіне уақыт өткен сайын түрлене түскен Түркістан төрінде әрбір кірпіш пен бірге қаланып жатқан тарихтың



күесі болып жүрген қандай бақыт! Атам қазақ: «Күннің ауыры өтеді...» деген. Бұған сіздің де, біздің де тілегіміз орайлас екенін білеміз. Біз Түркістандай ғажап шаһарда орын тепкен Қожа Ахмет Ясауидей бабамыздың атын иеленген университетке түскенімізді және сонда (өзірге қашықтан болса да) білім алып жатқанымызға мақтанамыз! Сонымен қатар ғылымның шыңын иегерген өзіңіздей білікті ғалым басқаратын оқу ордасының барлық ұстаздарын да мақтан тұтамыз! Шынымды айтсам, мен мектеп қабырғасында жүрген кезден – ақ, осы оқу орнына түсуді ептеп қиялдап қоятынмын. «Сабақты иен сәтімен» дегендей, дәл біздер мектеп бітірер тұста, Елбасы Жарлығымен Түркістан облыс орталығы болып жарияланды. Бұл менің осы оқу орнына түссем деген арманымды одан сайын аспандатып, қызығушылығымды одан сайын арттыра түскендей болды. 2019 жылы Шымкенттегі № 72 мектепті бітірген соң мен осы университеттің журналистика мамандығына құжат тапсырдым. Мемлекеттік грантқа бір ғана балл жетпей қалып, алғашында Кентау қаласындағы дайындық факультетінде оқыдым. Оны ма еш өкінбеймін. Өйткені, Кентауда біздер үшін жақсы жағдай жасалған. Соның арқасында мұндағы уақытымыз бос өткен жоқ. Лайықты білім алдық. Ол үшін мұндағы ұстаздар қауымына да алғысымыз шексіз!

Жастық ортада жүріп, жастық жалынмен Түркістандай ғажап шаһардағы сүйікті оқу ордасында сан алуан жастармен лайықты білім алғанға не жетсін! Бірақ, мына әлемді жайлаған індетке байланысты жағдай басқаша өрбіді. Біз әрине оны жақсы түсінеміз, білеміз. Бірақ ұстаздар да, оқытушылар да қалыптасқан жағдайға байланысты үлкен шаруалар атқарып жатыр. Бұл жайында жаңа жылдың алғашқы күндерінде өзіңіздің барша қауыммен әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шыққаныңызды білеміз. Біз ол сәтті асыға күттік және сондай ықыласпен тыңдадық, тамашаладық. Сол сұхбат арқылы сізге және ұстаздарымызға деген құрметіміз еселеніп, сол сұхбат арқылы сүйікті оқу ордасына деген сағынышымыз да арта түскендей. Жалпы, біздер үшін, біздің тағдырымыз үшін қамсыз отырған ешкім де жоқ деп батыл айта аламыз және ол үшін де өзіңізден бастап барша ұстаздарға тағы да алғысымыз шексіз! Қадірлі менің достарым! Құрметті бірінші курстық тағдырластарым! Біз бәріміз де күн сайын көркейіп, күн сайын түрленіп келе жатқан Түркістан төріндегі ХҚТУ-ға түскен сәтімізде өзімізді ерекше бақытты сезіндік. Өйткені, біз Орта Азия аймағында ешқандай теңдесі жоқ оқу орынның студенті атандық. Бұл мектеп бітірген жастағы біздер үшін шын бақыт еді. Алайда, әлемді жаулаған індет біздің университет қабырғасында тұрақты түрде білім алуымызға кедергі болды. Алайда, жағдайдың бұлай орын алғанына университеттің де, оқытушылардың да

кінәсі жоқ екені даусыз. Мұндағы мақсат, баршамыздың саулығымыз үшін жасалып отырған қауіпсіздік шаралары. Дегенмен, қазір әлеуметтік желінің дамып кеткен заманы. Міне, осы желіде көптеген бірінші курстықтар түрлі бағытта ой – пікір алмасып жатады. Әрине, бәрін кінәлаудан аулақпын. Олардың арасында: «Біз оқуға түскенде осындай жағдай орын алды... Студенттік шақтардың небір қызық кезеңдерінен құр қалдық... Уақыт өтіп барады... Бір – бірімізбен таныс болып, сауық – сайран құратын кездер босқа өтуде...» деген сыңайдағы жеңілдеу пікірлерді де көзім шалып қалады. Меніңше, бұл орынсыз пікір деп білемін. Достар, бірінші курсқа түскен біздер қазір 18-19-дағы көмелеттік жастан асқан азаматтармыз. Тарихпен санассақ, болмаса аға ұрпақтар тағдырына зер салсақ, бұл жастағыларды жас деп айтуға келмес. Олар тарихтың таңдауымен осы жаста жауға шапты, Отан қорғады немесе алып құрылыстарда болып, қала салды, елді өркендетті. Міне, біздің әлі де жаспыз деп, өзімізді ешқандай уайым-қайғысыз ұстап, емін – еркіндікке бой алдыруымыз сол аға ұрпақтың арқасы! Біздің дәл осы жастағы аға ұрпақтың басына қатал тағдыр қаншама ауыр тарихты тарту етпеді?! Алайда, аталарымыз бен ағаларымыз оны асқан қайсарлықпен, асқан төзімділікпен және асқан ауызбірлікпен асқан ынтымақпен жеңе білді. Біздің де басымызға тарих осы бір кезеңін бұйырып, осы бір қиындығын әкеліп тұр екен. Ендеше аға буынның салып кеткен ерлік пен өрлікке толы дәстүрін жалғай отырып, неге біз осы қиындыққа төзе алмаймыз? Біздер үшін қоғам да, мемлекетте, тіпті, оқу орнымыз да барлық жағдайды жасап отырған жоқ па? Бір сәттік қызықты ұмыта отырып, біз де қоғамның бір мүшесі ретінде, және анау – мынау емес Қожа Ахмет Ясауидей университеттің студенттері ретінде осы қиындыққа қарсы үн қосып, ата – аналарымыз бен ұстаздарымыздың үдесінен шыға білейік! Ол үшін әлеуметтік желіні бос пікірлерге толтырғанша, туған жерімізбен, туған қаламыз жайлы, сүйікті университетіміз бен сүйікті ұстаздарымыз, асыл достарымыз бен өзіміз құрмет тұтатын жандар туралы шығармашылық тақырыптарға арналған дүниелер жазайық. Тіпті болмаса: «Еліміз бен жұртымыз үшін 18-19-ында біздің ағаларымыз бен апаларымыз қандай ерлік, қандай өрлік жасады?»



– деген тақырыпты бір тізіп өтейік. Қалай жазылса да, қалай баяндалса да мұның бәрі 1-курс студенті үшін үлкен еңбек екені даусыз. Міне, біз осы кезеңнің қиындығына жеңуге осындай қам – қарекетпен үлес қосайық. Бұл әрекет біздің шығармашылықта шыңдалуымызға да оң әсерін берері сөзсіз. Қоғамның да, ата – ана мен ұстаздардың да одан басқа талабы жоқ. Міне, қиындыққа біз осылайша ат салыссақ, біз оны жеңеміз! Сонда ғана біздің өткізіп алған уақыттарымыз бен қызықты күндеріміз қайта оралары анық. Міне, бәріміз де соған үміт артайық!

Сөз соңында айтарым, университетті сағынып жүрген барша студенттер үшін сіз алдағы уақытта тағы да тікелей байланысқа шығып, біздерге деген ағалық ері ұстаздық ақыл кеңесіңізді айта жүрсеңіз. Ал өзім сияқты барша 1-курстықтарға сабыр сақтап, бір – бірімізбен байланысымызды шынайы тақырыптарда өрбітсек деген ұсынысым бар. Амандықпен қауышқанша, достар!!!

Сәлеммен Аян Атабек,  
1 – курс студенті.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты  
601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:

Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.